

«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС қызметкерлеріне кешенді медициналық қызмет көрсету бойынша Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің сервистік келісімшарты» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына тікелей келіссөздер арқылы бастамашылық ету туралы хабарлама

«Павлодар мұнай – химия зауыты» ЖШС (одан әрі-Мемлекеттік әріптес, МӘ) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік - жекешелік әріптестік туралы» Заңының (одан әрі-Заң) 44 - бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылдың 25 қарашасындағы № 725 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және жүзеге асыру ережелерінің» (одан әрі-Ережелер) 133 тармағына сәйкес Әлеуетті жекеше әріптестіктің «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС қызметкерлеріне кешенді медициналық қызмет көрсету бойынша Мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің сервистік келісімшарты» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын (одан әрі-МЖӘ жобасы) тікелей келіссөздер арқылы бастамашылық етуі туралы хабарлайды.

1. МЖӘ жобасының негізгі техника-экономикалық көрсеткіштері:

«Павлодар мұнай – химия зауыты» ЖШС (одан әрі – «ПМХЗ» ЖШС, ЖӘ) қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің денсаулығын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының барлық аумағында кешенді медициналық қызмет көрсету бойынша қызметтерді енгізу ұсынылады.

Қызмет көрсету бағдарламасына келесілер кіруі тиіс:

- Тәулік бойы кеңес беру, кеңестік-диспетчерлік қызметі бар CallCentre ұйымдастыру;
- Диагностика және емдеу процесін ұйымдастыру және үйлестіру;
- Жедел медициналық көмек көрсету.
ЖӘ аумағында тар шеңберде мамандандырылған медициналық көмек (кардиологиялық, неонаталдық, токсикологиялық және т. б.) көрсетуге арналған В немесе С классты санитарлық автокөлік тұрақты негізде болуы тиіс;
- Дәрігердің немесе орта медицина қызметкерінің (жалпы тәжірибе дәрігері /терапевт/педиатр) үйде/жұмыс орнында шақыртуларға қызмет көрсетуі
- Қызметкерге және оның отбасы мүшелеріне бөлінген лимит шегінде стоматологиялық көмек және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының аумағында лицензияланатын қызмет түрі бар медициналық ұйымдарда жұмыс істейтін білікті медициналық мамандарынан қашықтықтан кеңес алу;
- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде дәрігердің екінші медициналық пікірін алу;
- Шұғыл, емдік және жоспарлы профилактикалық көрсеткіштер бойынша амбулаториялық-емханалық көмек;
- Созылмалы аурулардың асқынуы кезінде шұғыл, емдік және жоспарлы профилактикалық көрсеткіштер бойынша стационарлық емдеу;
- Өткен медициналық тексерудің қорытындысы бойынша бейінді мамандардың қадағалауына жататын созылмалы аурулары бар қызметкерлерді динамикалық қадағалау;
- Қазақстан мен ТМД аумағында қызметкерлерді медициналық эвакуациялау;
- Міндетті мерзімді медициналық тексеру (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылдың 15 қазанындағы № ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығына сәйкес), алдын ала, мерзімді және жоспардан тыс медициналық тексерулерді қамтиды.
- Жылына бір рет тұмауға қарсы екпе алу.

МЖӘ жобасын жүзеге асыру мерзімі 5 жылды (60 ай) құрайды – шамамен 20.02.2022 ж. бастап 19.02.2027 ж. дейін (осы кезең жобаны іске асыру құнын есептеу үшін алынды).

2. **Бюджеттен сұратылатын төлемдер:** бюджеттен төленетін төлемдер қарастырылмайды.

3. **МЖӘ әлеуетті жекеше әріптесінің шығындарын өтеу және кірістерін алу көздері:** МЖӘ объектісін пайдалану процесінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өткізу.

4. **Мемлекеттік қолдау шаралары:** Заңның 27 бабы 2 тармағының 6 тармақшасына сәйкес.

5. **Келіп түскен өтінім шеңберіндегі қызметтердегі нақты қажеттілік:**

5.1. Қызметкерлер саны (отбасы мүшелерін қоспағанда): 1412 (жұбайы/зайыбы отбасы мүшелері бола алады, 1 жастан 21 жасқа дейінгі балалары қоса алғанда, қызметкердің 70 жасқа дейінгі ата-аналары бір қызметкерге 2 адам санында).

5.2 МӘ қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелеріне қызмет көрсету жекеше әріптестің медициналық және/немесе емдеу-профилактикалық мекемелерінде қызмет көрсету бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

6. **МЖӘ жобасы техникалық жағынан күрделі және (немесе) бірегей жобаларға жатпайды.**

7. **Баламалы өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі:**

Балама ұсыныстар осы Хабарлама жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде қабылданады.

Әлеуетті жекеше әріптестердің өз сипаттамалары мен көрсеткіштері бойынша баламалы ұсыныстары Хабарламада көрсетілгендерге тең немесе одан жоғары (Мемлекеттік әріптес үшін жақсарту жағына қарай) болуы тиіс. Сонымен бірге, әлеуетті жекеше әріптестердің баламалы ұсыныстарына Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылдың 25 қарашасындағы № 725 бұйрығымен бекітілген Ережелердің 130 тармағына сәйкес талаптар қойылады.

Ескерту:

МЖӘ жобасын жүзеге асыруға мүдделі болған жағдайда:

1. *толық ақпарат алу үшін хабарласуыңыз қажет:*

- 8 7182 396806, 396888 телефондары бойынша;

- электрондық пошта арқылы: n.gordiyenki@pnhz.kz, a.inerbayeva@pnhz.kz.

Ақпарат электрондық пошта арқылы тегін ұсынылады.

2. *Қазақстан Республикасы, Павлодар қаласы, Химкомбинат көшесі, 1; тел. 8 7182 39-63-97; e-mail: kanc@pnhz.kz мекен-жайы бойынша тапсырысты пошталық жөнелтіліммен сәйкес құжаттарды ұсыну керек.*